

Бекітілді
«SATOR» микрофинансовая организация» ЖШС-ның
жалғыз қатысушысының
2024 ж. «20» тамыз шешімі

МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ҮЛГІ ШАРТ

Осы Микрокредит беру туралы үлгілік шарт (қосылу шартының талаптарында) (бұдан әрі – Шарт) жеке/занды тұлғаларға/дара кәсіпкерлерге «*Бизнесті дамытуға арналған микрокредит*», «*Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған микрокредит*» «*Шұғыл қажеттіліктерге арналған микрокредит*», «*Ауыл шаруашылығын дамытуға арналған микрокредит*» өнімдері бойынша «SATOR» Микроқаржы ұйымы» ЖШС-не (бұдан әрі – Микроқаржы ұйымы) мүлікті кепілге қойып микрокредиттер берудің стандартты талаптарын қамтиды, олар Интернет желісінде Микроқаржы ұйымының: <https://www.sator.kz> ресми веб-сайтында айқындалған және жарияланған, онда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабы шеңберінде екінші Тарап (Қарыз алушы) оның шарттарына тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін. Шарттың талаптары оларға қосылған барлық Қарыз алушылар үшін жалпыға бірдей міндетті болып табылады.

Қарыз алушының Шарттың талаптарын қабылдауы Қарыз алушының қосылу туралы өтінішке қағаз тасығышта қол қоюымен көрсетіледі, оған микрокредит ресімдеу сәтінде Микроқаржы ұйымында қол қойылады. Қосылу туралы өтініштің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар «Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына, микрокредитті өтеу кестесінің нысанына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысымен, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтары № 7 қаулысы, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 29.03.24 ж. №17 қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен белгіленген.

Қарыз алушының Қосылу туралы өтінішке қол қоюы Қарыз алушының Шарттың талаптарын да, Қосылу туралы өтініштің талаптарын да сөзсіз қабылдай отырып, Шарттың талаптарына толық көлемде автоматты түрде қосылатынын, сондай-ақ бұл:

- Қарыз алушы қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз Шартты толық көлемде оқыды, түсінді және қабылдады;
- Шартта Қарыз алушы үшін өзінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, қабылдамайтын қандай да бір ауыртпалық салатын талаптар жоқ;
- Егер Микроқаржы ұйымында қарыз алушы қол қойған қосылу туралы өтініш болса, Қарыз алушы шарттың оқылмағандығының/түсінілмегендігінің/қабылданбағандығының дәлелі ретінде шартта оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;
- Қарыз алушы микрокредит беру жөніндегі барлық шарттармен келіседі;
- Шарттың барлық ережелері Қарыз алушының мүдделері мен еркіне толық сәйкес келеді;
- Шарт жасасу және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қандай да бір ережесін бұзбайды және бұзуға әкеп соқпайды (төменде айқындалғандай) дегенді білдіреді.

Осы Шарт, Қосылу туралы өтініш, сондай-ақ оларға барлық қосымшалар мен толықтырулар бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады, бірыңғай құқықтық құжатты білдіреді, онымен Микроқаржы ұйымы мен Қарыз алушы сөзсіз және қайтарымыз келіседі және Қосылу туралы өтінішті жасасқан (қол қойған) сәтте де, болашақта да өздеріне қабылдаған міндеттемелерді растайды. Қосылу туралы өтінішке қол қойылған күн осы Шартты жасасу күні болып табылады.

Тең қарыз алушыны тартқан жағдайда Тараптар Қарыз алушы мен Тең қарыз алушы осы микрокредит беру туралы шартта «Қарыз алушы» деп аталатын бір тарапты бірлесіп ұсынады деп

келісті; осы Шарттың барлық құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ өзге де талаптары және қосылу туралы өтініштер Қарыз алушы мен Тең қарыз алушыға тең дәрежеде жатады. Қарыз алушы мен Тең қарыз алушы Шарт пен Қосылу туралы өтініш бойынша талаптарды орындайды және міндеттерді толығымен ортақ атқарады.

1. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

1.1. Микроқаржы ұйымы Қарыз алушыға (Тең қарыз алушыға) бұдан әрі – «Қарыз алушы» Шартта және Қосылу туралы өтініште белгіленген талаптарда микрокредит береді, олар бұдан әрі ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында Шарт деп аталады.

1.2. **Шарттың жасалған күні мен орны, оның нөмірі, Микроқаржы ұйымы мен Қарыз алушының деректері** Қосылу туралы өтініште айқындалады.

1.3. **Микрокредит сомасын** (микрокредит нысанасын) Микроқаржы ұйымы өтініш берушінің кредиттік скоринг нәтижелері бойынша өзі берген ақпараттың, сондай-ақ басқа көздерден алынған мәліметтердің, оның ішінде кредиттік бюроның кредиттік есебінің негізінде дербес айқындайды және Қосылу туралы өтініште микрокредит бойынша артық төлеу сомасымен, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтермен (болған кезде), микрокредиттің толық құны туралы ақпаратпен қатар көрсетіледі.

1.4. **Микрокредитті өтеу мерзімі** Қосылу туралы өтініште айқындалады.

1.5. **Сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері, сондай-ақ шартты жасасу күніне есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің** (микрокредиттің нақты құнының) мөлшері Қосылу туралы өтініште айқындалады.

1.6. **Микрокредитті өтеу тәсілі:** бір рет немесе бөліп-бөліп, қолма-қол және (немесе) қолма-қол емес тәртіпте төлеу.

1) Қолма-қол ақшамен:

- Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 17 мекенжайы бойынша Микроқаржы ұйымының кассасы арқылы;
- Қазақстан Республикасы бойынша «ForteBank» АҚ кез келген бөлімшесінің кассасы арқылы (ол үшін «Sator» микроқаржы ұйымы» ЖШС кодын білу керек – **12672** және өзімен бірге жеке куәлігі және микрокредит беру туралы шарты болуы тиіс);

2) электрондық терминалдар арқылы қолма-қол ақшамен:

- Касса 24 (терминалдардың орналасу картасы және байланыс ақпараты www.kassa24.kz);
- QIWI (терминалдардың орналасу картасы және байланыс ақпараты www.qiwi.com);
- «ForteBank» АҚ және «Қазақстан Халық банкі» АҚ;

3) Микроқаржы ұйымының есеп айырысу шоттарына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен:

- «ForteBank» АҚ Петропавл қаласындағы филиалында KZ259650000000526364;
- «Қазақстан Халық банкі» АҚ Петропавл қ. филиалында KZ846017251000000018.

4) жеке тұлғалар үшін «Қазақстан Халық банкі» АҚ (Homebank), «ForteBank» АҚ интернет-банкінг арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіпте.

1.7. **Микрокредитті өтеу әдісі** Шартқа қосылу туралы өтініште белгіленеді.

1.8. **Негізгі борышты және сыйақыны төлемін уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын есептеу тәртібі және оның мөлшері:**

1.8.1. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, өсімпұлдың өзге мөлшері көзделген жеке тұлғамен жасалған шарт бойынша өсімпұл есептеу жағдайларынан басқа, осы Шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін өсімпұл мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,6 (нөл бүтін оннан алты) пайызын құрайды.

1.8.2. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, жеке тұлғамен жасалған Микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін өсімпұл мөлшері мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызынан аспауға, мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) пайызынан, бірақ Микрокредит

беру туралы шарттың әрбір қолданылу жылы үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

1.8.3. Негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен толық қамтамасыз етілген шартты қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредитке өсімпұл негізгі борышқа және сыйақыға тек күнтізбелік 90 күнге дейін есептеледі.

1.8.4. Жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғамен жасалған шарт бойынша өсімпұл негізгі борыштың және (немесе) микрокредит бойынша сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күніне дейін есептеледі.

1.9. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі:

1.9.1. Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемесін орындау үшін жеке тұлғамен жасалған шарт бойынша Қарыз алушының жүргізген төлем сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегі мынадай кезектілікпен өтеледі:

- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) осы шартта айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- 6) микроқаржы ұйымының орындауды алу бойынша шығындары.

1.9.2. Қарыз алушының (кәсіпкерлік мақсатында микрокредит алған заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің) Микроқаржы ұйымы алдындағы берешегінің сомасын өтеу мынадай кезектілікпен жүргізіледі:

- 1) Микроқаржы ұйымының орындауды алу бойынша шығындары;
- 2) өсімпұл және (немесе) айыппұлдар сомасы, егер мұндайлар есептелген болса;
- 3) микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы сомасы;
- 4) негізгі борыш сомасы.

1.10. Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету:

- 1) өсімпұл;
- 2) ипотека шартында/кепіл шартында айқындалған мүлік, шарттың күні мен нөмірі қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

1.11. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Микроқаржы ұйымы қабылдайтын шаралар.

1.11.1. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Микроқаржы ұйымы осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық шараларды, оның ішінде:

1.11.2. Осы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, Микроқаржы ұйымы Қарыз алушыны осы Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін, Шарт бойынша Қарыз алушы - жеке тұлғаның Микроқаржы ұйымына жүгіну құқығын, сондай-ақ Қарыз алушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдарын көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы хабардар етуге міндетті.

Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға осы Шарттың 4.1.2-тармағында көзделген тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі.

Микроқаржы ұйымы қарыз алушыға хабарлау үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

1.11.3. Микроқаржы ұйымы осы Шарттың 2.1.5 - тармағында көрсетілген мәліметтерді қамтитын қарыз алушы - жеке тұлғаның өтінішін алғаннан кейін осы Шарттың 4.1.3-тармағында белгіленген мерзімде өзі ұсынған өзгерістерді микрокредит беру туралы шарттың талаптарымен қарайды және осы Шарттың 4.1.3-тармағында белгіленген тәртіппен қабылданған шешім туралы қарыз алушы - жеке тұлғаға хабарлайды.

1.11.4. Осы Шарттың 1.11.2-тармағында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай - ақ Қарыз алушы - жеке тұлға микрокредит беру туралы шарт бойынша осы Шарттың 2.1.5-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған, не Қарыз алушы-жеке тұлға мен Микроқаржы

ұйымы арасында Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту келісімі болмаған жағдайларда Микроқаржы ұйымы мыналарға құқылы:

1) қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға.

Шараларды қолдану туралы шешім қабылдау микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

2) Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде бұл туралы Қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, борышкерлермен байланысу үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар ете отырып, берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге;

3) «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге, сондай-ақ кепілге берілген мүлікті соттан тыс тәртіппен өндіріп алуға;

4) атқарушылық жазба негізінде қарызды өндіріп алу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы - дара кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

6) микрокредитті өтеудің белгіленген мерзімі бұзылған жағдайда қарыз алушыға осы Шарттың 1.8-бөлімінде белгіленген тәртіппен өсімпұл есептеуге.

Өсімпұлды төлеу Қарыз алушыны микрокредит пен сыйақыны қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды;

7) микрокредиттің қайтарылмағаны туралы деректерді Микроқаржы ұйымымен ақпарат беруге шарт жасалған кредиттік бюроларға беруге.

1.11.5. Микроқаржы ұйымы Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді бұзған кезде Қарыз алушы төлеуге тиіс микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақымен және өзге де сомалармен Қарыз алушының негізгі борышының сомасын күнтізбелік қырық күннен астам мерзімге толық көлемде өндіріп алуға.

1.11.6. Қарыз алушыда Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі болған кезде Микроқаржы ұйымы Микрокредит беру туралы шарт жеке тұлғамен жасалған және тұрғын үй түрінде кепілмен қамтамасыз етілген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт бойынша құқықты (талапты) Қарыз алушының келісімінсіз коллекторлық агенттікке беруге.

1.11.7. Қарыз алушыда Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған кезде Микроқаржы ұйымы жеке тұлғамен жасалған және тұрғын үй түрінде кепілмен қамтамасыз етілген шарт бойынша құқықты (талап етуді) жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі ұйымдарға беруге құқылы, ол үшін мынадай талаптардың бірі сақталуы тиіс: құқықтарды (талаптарды) сатып алу осындай ұйымның Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қызмет түрлерінің бірі болуы; құқықтарды (талаптарды) сатып алу Микрокредит беру туралы шарт бойынша жеке тұлғаларды қолдау жөніндегі мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар немесе мемлекеттік органдардың құқықтық актілері шеңберінде жүзеге асырылады.

1.11.8. Микрокредит беру туралы шарт жеке тұлғамен жасалған және тұрғын үй түріндегі кепілмен қамтамасыз етілген жағдайлардан басқа, Қарыз алушыда микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Микроқаржы ұйымы осы Шарт бойынша құқықты (талапты) Қарыз алушының келісімінсіз екінші деңгейдегі банкке, микроқаржы ұйымына, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына, секьюритилендіру мәмілесі кезінде заңды тұлғаға осы Шарт бойынша беруге құқылы - микроқаржы ұйымы қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған немесе қарыздар алған кезде микрокредит беру туралы шарт бойынша, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорына - микроқаржы ұйымдарында қаражатты шартты орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле шеңберінде жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушыға беріледі.

1.12. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы шартта көзделген Микроқаржы ұйымы алдындағы барлық міндеттемелерді толық тиісінше орындағаннан кейін өз қолданысын тоқтатады.

1.13. Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі.

1.13.1. Қарыз алушы микрокредит бойынша төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін және Шарт жасасу үшін әрі микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізуге қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың растығына және түпнұсқалығына толық жауап береді.

1.13.2. Шартқа қоса берілген микрокредитті өтеу кестесінде белгіленген микрокредит бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі туындаған жағдайда Микроқаржы ұйымы Қарыз алушыдан Шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде өсімпұл төлемін талап етуге құқылы.

1.13.3. Микроқаржы ұйымы Қарыз алушыдан Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындауын және микрокредиттің қалған өтелмеген сомасын және Шартқа қоса берілетін микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес ол бойынша сыйақыны және төменде көрсетілгендерді:

1) Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді кемінде күнтізбелік қырық күн бұзған жағдайда;

2) Қарыз алушы микрокредит беруге әсер ететін мәліметтерді жасырған және/немесе дәйексіз ақпарат берген кезде;

3) осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелері бойынша шарттың күшіндегі қамтамасыз ету кепіл нысанасы болып табылатын мүлікке сот актілерінің негізінде қамауға алу/шектеу қолдану кезінде (сот орындаушылары қаулылары);

4) егер Қарыз алушы осы Шарттың, кепіл туралы шарттың (ипотека) талаптарына сәйкес микрокредит бойынша Қамтамасыз етуді ұсынудан қандай да бір жалтарған кезде;

5) Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілі жоғалған, жойылған немесе бүлінген және Қарыз алушы келілді ауыстыруды /қосымша Қамтамасыз етуді ұсынуды жүзеге асырмау жағдайында;

6) Қарыз алушы микроқаржы ұйымы өкілінің тарапынан Қарыз алушының мақсатты пайдаланылуын (мақсатты микрокредит үшін) және қаржы-шаруашылық жағдайын бақылауынан бас тартқан не кедергі жасаған кезде;

7) егер Қарыз алушы микрокредитті мақсатсыз пайдалануға (мақсатты микрокредит) жол берсе немесе берген кезде;

8) заң актілерінде, Шартта көзделген өзге де жағдайларда талап етуге құқылы.

1.13.4. Қарыз алушы өзі жауапты Шартта көзделген ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда Микроқаржы ұйымы өз талаптарын мыналар:

1) ипотеканы сот тәртібінде іске асыру;

2) Микроқаржы ұйымының жеке тұлғамен жасаған осы Шарт бойынша қамтамасыз ету болып табылатын ипотека мәні тұрғын үй және (немесе) онда тұрғын үй орналасқан жер учаскесі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, егер бұл ипотека шартында немесе кейіннен тараптардың келісімінде көзделген болса, ипотеканы сот тәртібінен тыс іске асыру;

3) «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» осы Заңның 32-бабына сәйкес жарияланған саудасаттық өткізілмеген жағдайда кепілге алынған мүлікті өз меншігіне айналдыру арқылы қанағаттандыруға құқылы.

1.13.5. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Микроқаржы ұйымы Шартты бір жақты тәртіппен, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен (Шартты орындаудан бас тартуға) бұзуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

1.13.6. Осы Шартпен Микроқаржы ұйымы Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктірген жағдайда берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге құқылы және Қарыз алушы оған келісімін береді.

1.13.7. Қарыз алушы берешек сомасын өндіріп алумен байланысты кеткен Микроқаржы ұйымының барлық шығыстарын өтеуге міндеттенеді.

1.13.8. Микроқаржы ұйымы қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік артады.

1.13.9. Тараптар осы Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, егер мұндай орындамау еңсерілмес күш жағдайлары нәтижесінде туындаған болса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, еңсерілмес күштің сипаты, әрекет ету кезеңі, жағдайлардың басталу фактісі тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттарымен расталуы тиіс. Еңсерілмес күш жағдайлары тоқтатылған кезде Тараптар осы шартты орындауға барлық тиісті шараларды жасауға міндетті.

1.14. Микроқаржы ұйымының пошта және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы (бар болған жағдайда) туралы деректер:

Пошта мекенжайы: T01G9Y0, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі 17; электрондық мекенжайы: mfosator@timey.kz, ресми интернет-ресурс: <https://www.sator.kz>.

1.15. Микроқаржы ұйымының Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беруі кезінде Шарт шегінде кредитордың Қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылады.

2. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Қарыз алушының құқықтары мынадай мүмкіндіктерді қарастырады:

2.1.1. микрокредиттер ұсыну ережелерімен, Микроқаржы ұйымының микрокредиттер беру тарифтерімен танысу;

2.1.2. алынған микрокредитті Шартта бекітілген тәртіппен және талаптарға сай пайдалану;

2.1.3. негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу;

2.1.4. тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген микрокредит сомасын микроқаржы ұйымына мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

2.1.5. Қарыз алушы-жеке тұлғаның микроқаржы ұйымының шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен және (немесе) жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде келу және (немесе) сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өтіп кеткен себептер, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар туралы микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсыну, оның ішінде:

сыйақы ставкасын не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

микрокредит мерзімін өзгерту;

мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою арқылы;

тараптардың келісінде белгіленген мерзімдерде ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуі;

ұйымға кепілге салынған мүлікті беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсынумен;

сатып алушыға шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен ұсыну;

2.1.6. Қарыз алушы - жеке тұлға Микроқаржы ұйымының микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып немесе шарттың талаптарын

өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы;

2.1.7. «Микроқаржы қызметі туралы» Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін ұйым осы Қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда Қарыз алушы - жеке тұлғаның банк омбудсманына жүгіну;

2.1.8. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде ұйымға жазбаша өтініш беру;

2.1.9. микроқаржы ұйымынан шартта белгіленген міндеттерді орындауды талап ету;

2.1.10. микрокредитті қайтару бойынша төлемдер жасаған кезде Микроқаржы ұйымынан тиісті төлем құжаттарын, ал міндеттемелер толығымен орындалған жағдайда – осы Шарттың тоқтатылғанын растайтын хатты талап ету;

2.1.11. Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген тәртіппен өз құқықтарын қорғай білу;

2.1.12. «Микроқаржы қызметі туралы» заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және осы Шартпен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Микроқаржы ұйымының құқықтары мынадай мүмкіндіктерді қарастырады:

3.1.1. Микрокредит беру туралы шарт талаптарын Қарыз алушы үшін оны жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгерту. Осы тармақтың мақсаттарында Қарыз алушы үшін Шарт талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою);
- шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту.

Микроқаржы ұйымы жақсарту талаптарын қолданған жағдайда Қарыз алушы осы Шартта көзделген тәртіппен Шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар етіледі;

Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

3.1.3. атқарушылық жазба негізінде қарызды өндіріп алу.

3.1.4. «Микроқаржы қызметі туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға шарт бойынша құқықты (талап етуді) Қарыз алушының келісімінсіз беру;

3.1.5. Қарыз алушыдан (өтініш берушіден) Микрокредит беру туралы шарт жасасу және микрокредиттер беру қағидаларында айқындалған ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату;

3.1.6. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыру;

3.1.7. Қарыз алушыдан Шартта белгіленген міндеттерді орындауды талап ету;

3.1.8. Қарыз алушының қаржылық жағдайын және микрокредитті (мақсатты микрокредиттер үшін) мақсатты пайдалануын тексеру;

3.1.9. Қазақстан Республикасының заңымен және Шартпен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндіктерін көздейді.

4. МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Микроқаржы ұйымының міндеттері мыналарды қарастырады:

4.1.1. шарт бойынша ұйым құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған шартты жасасу кезінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету:

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

микрокредитті өтеу бойынша кейінгі төлемдердің үшінші тұлғаға (құқық (талап) ауысқан тұлғаның атауы мен орналасқан жері) тағайындалымы, тапсырылған құқықтардың (талаптардың) толық көлемі, сондай-ақ мерзімінде өтелмеген және ағымдағы негізгі борыш сомасының қалдығы, сыйақысы, комиссиясы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы) және басқа төленуі тиіс сомалары көрсетілген талап құқығынан шегіну шарты жасалған күнтізбелік отыз күн ішінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) құқықтың (талаптың) микрокредит беру туралы шартта қарастырылған не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға өткендігі туралы хабардар етуді;

4.1.2. Қарыз алушыны осы Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей мыналар туралы:

Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі;

қарыз алушы - жеке тұлғаның Шарт бойынша Микроқаржы ұйымына жүгіну құқығы;

қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары.

Шартта, егер хабарлама борышкерге Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;

жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі деген талап қамтылады;

4.1.3. қарыз алушы - жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде

Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және қарыз алушы - жеке тұлғаға жазбаша нысанда не шарт бойынша көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы мыналар туралы хабарлау:

шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу;

берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;

бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту бойынша дәлелді жауапты хабарлау;

4.1.4. ұйым шартта көзделген тәртіппен жақсарту талаптарын қолданған кезде Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар ету;

4.1.5. тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесінің шартына қосымша.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде ұйым жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

4.1.6. орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда, бұл туралы уәкілетті органға жазбаша түрде, сондай-ақ Қарыз алушыларға (өтініш берушілерге) микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдерінде екі баспа басылымында тиісті ақпарат жариялау жолымен, сондай-ақ Қарыз алушының (өтініш беруші) заңды мекенжайы бойынша - жеке тұлғаның және қарыз алушының (өтініш беруші) - заңды тұлғаның не әрбір қарыз алушының (өтініш берушінің) орналасқан жері бойынша осындай өзгерістер болған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлауды;

4.1.7. микрокредиттер беру қағидаларының көшірмелерімен Қарыз алушыны (өтініш беруші) таныстыру үшін қолжетімді жерде орналастыруды, оның ішінде Микроқаржы ұйымының Интернет-ресурсы болған жағдайда сонда орналастыруды;

4.1.8. өтініш берушіге микрокредит алуға және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дәйекті ақпарат ұсынуды;

4.1.9. өтініш берушіге танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін шарт жасалғанға дейін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсыну. Қарыз алушыға Микроқаржы ұйымы жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай

микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары Микрокредит беру туралы шартта белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсынылуға тиіс:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын, азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.

Микроқаржы ұйымы микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.

4.1.10. Қарыз алушыны (өтініш берушіні) микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы хабардар ету;

4.1.11. микрокредит беру құпиясын сақтау. Микрокредит беру құпиясы қарыз алушылар, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты шарттың өзге де талаптары туралы және Микроқаржы ұйымының операциялары туралы мәліметтерді (микрокредиттер беру қағидаларын қоспағанда) қамтиды;

4.1.12. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған жағдайларда микрокредит беруден бас тарту;

4.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауды көздейді.

5. МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ ҮШІН ШЕКТЕУЛЕР

5.1. Микроқаржы ұйымына шектеулер мыналарды:

5.1.1. микрокредиттің сыйақы мөлшерлемелерін (оларды азайту жағдайларын қоспағанда) және (немесе) оны өтеу тәсілі мен әдісін бір жақты тәртіппен өзгертуді;

5.1.2. Қарыз алушыдан микрокредит бойынша сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алуды;

5.1.3. Микроқаржы ұйымына микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толығымен немесе ішінара қайтарған жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) талап етуді;

5.1.4. микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын өсіруді;

5.1.5. егер негізгі борышты өтеу немесе сыйақы күні демалыс немесе мереке күніне түсетін болса, сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізіледі және бұл жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлетуді;

5.1.6. Микрокредит беру туралы шарт бойынша теңгеде берілген міндеттемені және төлемдерді кез келген валюта баламасына байланыстыра отырып, индексациялауды.

5.1.7. Қарыз алушы-жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жылжымайтын мүліктің ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредиті бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімі өткен күнтізбелік бір жүз сексен күн өткен соң есептелген сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап ету;

5.1.8. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған кезде коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасаспаған жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалармен берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне қатысты ақпарат жинау бойынша қызмет көрсету мәніндегі шарт (бұдан әрі – берешекті өндіріп алу туралы шарт) жасасуды.

5.1.9. берешектің коллекторлық агенттіктегі сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу кезеңі ішінде берешекті өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге, сондай-ақ сыйақыны, негізгі қарызды уақытында өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуді талап етуді.

5.1.10. микроқаржы ұйымдары туралы ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайдағы жарғылық капиталдағы үлесі елу пайыз болатын не жарияланған акцияларының елу пайызы мемлекетке тиесілі ұйымдарға берілетін құқықтан (талаптан) басқа тұрғынжай түріндегі кепілзатпен қамтамасыз етіліп және жеке тұлғамен жасасқан Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талапты) беруді.

5.1.11. кепілге алынған заттарды пайдалануды және билік етуді.

5.1.12. егер осы Шартты жасасу күніне негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен толық қамтамасыз етілмеген болса, қарыз алушы - жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап ету.

5.1.13. бір қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) бірнеше тұлғаға беруді **шектеуді көздейді.**

5.2. Жеке тұлғаға берген тұрғын үй және (немесе) онда тұрғын үй орналасқан жер телімі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарттың орындалу талаптары өзгеруі кезінде немесе жеке тұлғаға берген тұрғын үй және (немесе) онда тұрғын үй орналасқан жер телімі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредитті өтеу мақсатында мерзімі өткен сыйақыны, тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімпұлды) негізгі борыш сомасына капиталдандыруға (жиынтықтау) жол берілмейді.

6. ШАРТ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Шарттың Тараптары осы Шарттың талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

6.2. Қарыз алушы үшін Микроқаржы ұйымы бір жақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы болған жағдайларды қоспағанда, шарттың талаптарын Тараптар оған қосымша келісім жасасу арқылы өзгерте және толықтыра алады.

6.3. Қарыз алушы Шарт бойынша берешекті мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда Қарыз алушының бастамасы бойынша Микроқаржы ұйымы Қарыз алушыға Микроқаржы ұйымының бөлімшесінде жаңа өтеу кестесін жасайды және береді. Бұл ретте тараптар берешекті мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда Қарыз алушының бастамасы бойынша Шартқа қосымша келісім жасалмайтындығымен келіседі.

7. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

7.1. Қарыз алушы:

осы Шартпен белгіленген мерзімде және тәртіппен алған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақы төлеуге;

7.1.2. Микроқаржы ұйымы сұратқан құжаттар мен мәліметтерді беруге;

7.1.3. ол алған микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға құқылы. Микрокредит мақсатсыз пайдаланылған кезде Қарыз алушы Микроқаржы ұйымына микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға және микрокредитті қайтару күніне Шарт бойынша есептелген пайдаланылған микрокредит бөлігінде сыйақы төлеуге міндетті;

7.1.4. Микроқаржы ұйымының талап етуі бойынша Микроқаржы ұйымы сұратқан және осы Шартқа және оның талаптарын орындауға қатысы бар қажетті құжаттар мен мәліметтерді, оның ішінде берілген микрокредитті пайдалануға байланысты барлық құжаттаманы, өзінің қаржылық (мүліктік) жағдайы туралы мәліметтерді беруге және Микроқаржы ұйымының қарыз алушыны тексеру жөніндегі өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасамауға тиіс;

7.1.5. Микроқаржы ұйымының кредиттік тарихтың деректер базасына ол туралы және жасалатын Микрокредит беру шарты туралы мәліметтерді, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпарат беруге жазбаша келісімін беруге;

7.1.6. Микроқаржы ұйымына осы Шартта көрсетілген өз төлқұжат деректерінің, аты-жөнінің, мекенжайының, тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелімнің, пошталық мекенжайының, жұмыс орнының, байланыс телефондарының, кіретін табыстың өзгергендіктері жайлы, Қарыз алушының

қаржы жағдайын қиындататын жағдайлар мен жағдаяттар туралы, кәсіпкерлік қызметтің тоқтауы, еңбек қатынастарының тоқтатылуы, үшінші бір тұлғалармен сот дауы мен өзге дауласулар, құқық қорғау органдарының қылмыстық немесе әкімшілік іс қозғауы туралы және осы шарт міндеттемелерінің толықтай және уақытылы орындалуына қатысты басқа жағдайлар жайында жазбаша түрде хабардар етуге. Хабарлама, сондай-ақ өзгерістерді растайтын құжаттар Микроқаржы ұйымына осындай өзгерістер пайда болған күнінен бастап 7 (жеті) күн ішінде кешіктірілмей келіп түсуі тиіс;

7.1.7. Микроқаржы ұйымының микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

7.1.8. Микроқаржы ұйымының жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тарапқа бермеуге;

7.1.9. микрокредит пен сыйақыны қайтару мерзімі өтіп кеткен жағдайда Шарт бойынша берешек сомасын толық өтеуге, Шартта көзделген өзге де төлемдерді төлеуге;

7.1.10. Микроқаржы ұйымының талап етуі бойынша пайда алушы ретінде Микроқаржы ұйымын көрсете отырып, кепілдік мүлікті сақтандыруды жүзеге асыруға;

7.1.11. жоғалған немесе бүлінген кепіл затын жоғалған не бүлінген кезден бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде құны тең мүлікке ауыстыруға және/немесе қажет болған жағдайда осы мерзімде қосымша қамтамасыз етуге;

7.1.12. Шартқа қоса берілетін өтеу кестесін бұзуға әкеп соғуы мүмкін барлық мән-жайлар туралы: үшінші тұлғалардың қарыз алушының, кепілгердің, кепіл берушінің мүлкіне және/немесе олардың банктік шоттарына тыйым салуын; үшінші тұлғалардың қарыз алушыға жіберген наразылықтары мен талап арыздарын алған кезді қоса алғанда, 5 жұмыс күні ішінде микроқаржы ұйымына хабарлауға;

7.1.13. микроқаржы ұйымына кепілге арналған құжаттарға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгені туралы жазбаша түрде хабарлауға;

7.1.14. Микроқаржы ұйымының Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесінде белгіленген мерзімдерге және сомаларға сәйкес Шарт бойынша берешекті өтеуге байланысты барлық төлемдерін жүзеге асыруға;

7.1.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Микроқаржы ұйымымен жасалған шартта белгіленген өзге де талаптарды орындауға **міндетті**.

8. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ

8.1. Сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланған нақты күндер саны үшін жүргізіледі. Бұл ретте микрокредитті пайдалану күндерінің саны тиісінше айдағы және жылдағы нақты күнтізбелік күндер санына қарай қабылданады.

8.2. Микрокредит бойынша сыйақы микрокредитті қайтару кестесіне сәйкес микрокредит бойынша негізгі борыштың қалдығына есептеледі.

8.3. Микрокредит Қарыз алушыға қарыз алушының кредиттік досьесі қалыптастырылғаннан, Микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шешім қабылдағаннан және Тараптар Шартқа қол қойғаннан кейін беріледі.

8.4. Қосылу туралы өтініште көрсетілген микрокредит беру күні микрокредит берілген күн болып табылады.

8.5. Микрокредитті қайтару және микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу осы Шарттың 1.6-тармағында көрсетілген тәсілмен микрокредитті өтеу кестесі бойынша жүргізіледі.

Осы Микрокредит беру туралы шарттың екі тарапы қол қойған, өтеу күні мен микрокредитті өтеу сомасы мен сыйақыны қамтитын кезекті төлемдердің мөлшері, келесі өтеу күнгі микрокредит сомасының қалдықтары көрсетілген, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шартқа қол қойылған күнгі микрокредиттің және сыйақының жалпы сомасы көрсетілген микрокредитті өтеу кестесі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады (шартқа қосылу туралы өтінішке 1-қосымша).

8.6. Осы Шартта белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелетін микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз алушы микрокредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін жүзеге асырады.

8.7. Микрокредит бойынша төлемді өтеу мерзімі жұмыс істемейтін күнге (демалыс немесе мереке күні/күндері) сәйкес келген кезде өтеу одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады. Олай

болмаған жағдайда Қарыз алушыға микрокредит бойынша уақтылы төлемегені үшін өсімпұл есептеледі.

9. МИКРОКРЕДИТТИ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ҚАЙТАРУ

9.1. Микроқаржы ұйымы Қарыз алушының негізгі берешек сомасын микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақы сомасымен және Қарыз алушы төлеуге тиісті өзге сомалармен қоса толық көлемде өтелуін осы Шарттың 1.11.3.т. талаптарына сәйкес Шарт бойынша Қарыз алушы өз міндеттемелерін бұзған кезде мерзімінен бұрын талап етуге құқылы.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Осы шартпен Қарыз алушы ұялы байланыс операторлары және/немесе өзге де телекоммуникациялық қызметтерді жеткізушілер арқылы SMS-хабарламалар жіберуге, Микроқаржы ұйымына өзі берген нөмірге ұялы (ұялы) телефондар қоңырауларды жүзеге асыруға келісімін береді және осы мәселе бойынша шағымдар мен даулар туғызбауға міндеттенеді. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 21.05.2013 ж. ҚРЗ 8-бабының 1-тармағына сәйкес Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді.

10.2. Жария, жалпы сипаттағы хабарламалар, тиісті ақпаратты Қарыз алушының көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде Микроқаржы ұйымында немесе Микроқаржы ұйымының сайтында Интернет желісінде мына: <https://www.sator.kz> мекенжай бойынша орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

10.3. Қарыз алушы Шартта көрсеткен ұялы (ұялы) телефондарға, сондай-ақ электрондық және /немесе пошталық мекенжайларға жіберілген барлық хабарламалар тиісті мекенжай бойынша жіберілген болып есептеледі. Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен: Шартта көрсетілген электрондық мекенжайға; Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар, оның ішінде отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі, көрсетілген мекенжайда тұратын басқа адам алған тапсырыс хатпен; жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып, жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге де байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

10.4. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы микрокредит беру, қызмет көрсету және өтеу немесе Қарыз алушыны негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің туындауы туралы хабардар ету мақсатында, сондай-ақ Қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу/микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару қажеттілігі туралы талап жіберу мақсатында өзге тұлғалар алдында микрокредит беру құпиясын ашуға Микроқаржы ұйымына жазбаша келісім береді.

10.5. Қарыз алушы Микроқаржы ұйымына микрокредит беру қағидаларымен танысқандығын, ол микрокредит алғанға дейін оның шығындары туралы, микрокредит алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де талаптар туралы, сондай-ақ микрокредит алуға байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілгендігін растайды.

10.6. Микроқаржы ұйымы мен Қарыз алушы Шартта Микроқаржы ұйымы мен Қарыз алушы, олардың мүдделері негізінде түзетуді немесе күшін жоюды қалайтын жағдайлардың жоқтығын растайды, сондай-ақ шарт жасасу кезінде олардың әрқайсысы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

10.7. Шарттың кез келген келісімдері мен қосымшалары олардың ажырамас бөлігін құрайды.

10.8. Шартты орындау кезінде Тараптар олардың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10.9. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және қол қойылады. Шарт мәтінінің мағыналық мазмұнында және оның мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мәтіндері әр түрлі оқылғанда немесе қандай да бір сәйкессіздік туындаған жағдайда орыс тілінде жасалған шарттың мәтінін басшылыққа алу керек.

10.10. Тараптардың өзара қарым-қатынастары осы Шартпен, ал реттелмеген бөлігінде – Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10.11. Микроқаржы ұйымы таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер оның құқықтық мирасқорына толық көлемде ауысады.

10.12. Тараптар осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелері оның үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелеріне қатысты басым болып табылатындығын және ол кезектен тыс тәртіппен орындалатындығын анықтады.

10.13. Қарыз алушының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқаға беруі Микроқаржы ұйымының жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес.

10.14. Тараптардың шарт жасасуына, тиісінше орындамауына немесе оның жарамсыздығына байланысты туындаған кез келген дауды, талапты немесе наразылықты Тараптар ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен сотта шешеді.

10.15. Микроқаржы ұйымының осы Шартты тиісінше орындамағаны үшін Қарыз алушыға талап етуі бойынша талап қою мерзімі бес жылды құрайды.

10.16. Осы Шартты орындау орны Микроқаржы ұйымының орналасқан жері болып табылады.

10.17. Микроқаржы ұйымы жасаған осы Шарт бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған шарттарда мемлекет қатысатын кредиттік бюроға міндетті түрде берілуге тиіс.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

Тараптардың деректемелері мен қолдары Микрокредит беру туралы шартқа Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

Утвержден
решением единственного
участника ТОО «Микрофинансовая
организация «SATOR»
от «20» августа 2024 г.

ТИПОВОЙ ДОГОВОР О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ МИКРОКРЕДИТА

Настоящий Типовой Договор о предоставлении микрокредита (на условиях договора присоединения), (далее – Договор) содержит стандартные условия предоставления микрокредитов физическим/юридическим лицам/индивидуальным предпринимателям под залог имущества по продуктам: «Микрокредит на развитие бизнеса», «Микрокредит на развитие женского предпринимательства» «Микрокредит на неотложные нужды», «Микрокредит на развитие сельского хозяйства») в ТОО «Микрофинансовая организация «SATOR» (далее – Микрофинансовая организация), определенные и опубликованные на официальном веб-сайте Микрофинансовой организации в сети Интернет: <https://www.sator.kz>, которые в рамках статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан могут быть приняты другой стороной (Заемщик) не иначе как путем присоединения к его условиям в целом. Условия Договора являются общеобязательными для всех Заемщиков, присоединившихся к ним.

Принятие Заемщиком условий Договора выражается подписанием Заемщиком Заявления о присоединении на бумажном носителе, которое подписывается в Микрофинансовой организации в момент оформления микрокредита. Требования к форме и содержанию Заявления о присоединении установлены Постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 29 ноября 2019 года № 232 «Об утверждении Порядка заключения договора о предоставлении микрокредита, в том числе требований к содержанию, оформлению, обязательным условиям договора о предоставлении микрокредита, формы графика погашения микрокредита» с изменениями и дополнениями, внесенными Постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка № 7 от 29.01.2024г. , Постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка №17 от 29.03.24 г.

Подписание Заемщиком Заявления о присоединении означает, что Заемщик автоматически присоединяется к условиям Договора в полном объеме, безусловно принимая как условия Договора, так и условия Заявления о присоединении, а также что:

- Заемщик прочитал, понял и принял Договор в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений;
- Договор не содержит каких-либо обременительных для Заемщика условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы;
- Заемщик не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Микрофинансовой организации имеется Заявление о присоединении, подписанное Заемщиком;
- Заемщик соглашается со всеми условиями по предоставлению микрокредита;
- все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Заемщика;
